



2023-2024 оқу жылына арналған «Музыкадан» ұйымдастырылған іс-  
әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Тобы: «Гүлдер» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек – мамыр, 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты
Қыркүйек	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөліктен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) – ля (си) диапазонында</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.</p>
Қазан	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық ойыншықтар мен балалар аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатұяқ тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту:</b> барлығымен бір қарқында әнді таза айту</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</p>
Қараша	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру, әннің мазмұнын түсіну.</p> <p><b>Ән айту:</b> сөздерді анық айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту; кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</p>
Желтоқсан	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Әр түрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге.</p> <p><b>Ән айту:</b> Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту)</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p>
Қаңтар	<p><b>Музыка тыңдау:</b> шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p>

ақпан	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеу мен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</p>
наурыз	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу</p> <p><b>Ән айту:</b> әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындалуына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p>
сәуір	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету</p> <p><b>Ән айту:</b> Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту,</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p>
мамыр	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>

Т.Ж. Жармағамбетова

